

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғарғы оқу орындарына қабылдау ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 1999 жылғы 18 маусым N 316 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 28 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 860. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 9 шілдедегі N 548 бұйрығы. ~V011577

Қазақстан Республикасының Z990389_ "Білім туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 сәуірдегі N 464 P990464_ "Қазақстан Республикасы мемлекеттік жоғары оқу орындарына студенттер құрамын қалыптастырудың жаңа үлгісі туралы" қаулысына сәйкес бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарына қабылдау ережелері қосымшаға сай бекітілсін.

2. Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарына қабылдау ережелері Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Академиясының N 2, N 3 және N 4 факультеттеріне оқуға қабылдауды ұйымдастыруға таралады деп белгіленсін.

3. ПББ, ПБ, КПБ бастықтары осы ережелерді жеке құрамға оқытуды ұйымдастырсын және оқуға талапкерлермен таныстырсын.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарының басшылары қабылдау емтиханын ұйымдастыру және талапкерлерді оқуға қабылдауда осы Ережелердің талаптарын қатаң сақтасын.

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1998 жылғы 7 мамырдағы N 140 V980611_ бұйрығының күші жойылды деп саналсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і і с т е р м и н и с т р і -
І ш к і ә с к е р қ о л б а с ш ы с ы

генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің 18 маусымдағы

N 316 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің
жоғары оқу орындарына қабылдау ережелері

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жоғары оқу орындарына орта немесе арнайы орта білімі бар, ішкі істер органдары қызметкерлеріне қойылатын

талаптарға жауап беретін, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке және оқуға жарамды Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

2. Тесттік сынақ талапкердің қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде жалпы білім беретін орта мектептердің оқу бағдарламасының көлемінде төрт пән бойынша жүргізіледі. Соның ішінде қазақ немесе орыс тілі және Қазақстан тарихы пәндері болуы міндетті.

3. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің жоғары оқу орындарына түсушілер, қабылдау емтиханының алдында, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1999 жылғы 24 маусымдағы N 774 "Қазақстан Республикасы тұрғындарының дене шынықтыру дайындығының Президенттік тесттері туралы" қаулысымен бекітілген нормативтерге сәйкес дене шынықтыру дайындығынан сынақ тапсырады.

Дене шынықтыру дайындығынан сынақ тапсыра алмағандар, тесттік сынаққа жіберілмейді.

4. Қабылдау емтихандары тесттік сынақ түрінде мына пәндер бойынша жүргізіледі:

N 0216 "Құқықтану" мамандығы бойынша:

- жалпы тарих;
- Қазақстан тарихы;
- қазақ немесе орыс тілі;
- Математика.

Негізгі пән болып Жалпы тарих есептеледі.

N 3602 "Автоматика, телемеханика және байланыс", N 0713 "Кәсіпорындардағы экономика және менеджмент", N 3004 "Жол қозғалысын ұйымдастыру" мамандықтары бойынша:

- Физика;
- Математика;
- Қазақстан тарихы;
- Қазақ немесе орыс тілі.

Негізгі пән болып Физика есептеледі.

Оқу орындарының қабылдау комиссиясы қызметтен қол үзбей оқудың түсу емтихандарының тізімі мен өткізу түрін белгілейді.

5. Тест сұрақтарының саны әр пән бойынша - 30. Дұрыс жауап бір ұпаймен бағаланады. Кешенді тестілеу пәндерінен алған талапкердің жауабының жалпы ұпай саны 40 ұпайдан аз болса "екіге" бағаланады және оқуға қабылдауға жіберілмейді.

Кешенді тестілеуге астрономиялық үш сағат беріледі.

6. Жоғары оқу орындарының күндізгі оқу түріне қабылдау емтихандарының мерзімі тамыздың 1-нен 10 дейінгі кезеңде, сырттай оқу түріне қыркүйектің 5-

нен 15-дейінгі кезеңде жүргізіледі.

7. Белгіленген үлгіде жоғары оқу орындарына қабылдаудың қорытындысы бойынша статистикалық есеп ПМ Кадр және тәрбие жұмысы департаментінің Оқу орындары басқармасына күндізгі оқу бойынша тамыздың 20-дейін, сырттай оқыту бойынша қыркүйектің 15-дейін жіберіледі.

8. Жоғары оқу орындарына қабылдау мамандықтар және оқу тілдері бойынша бөлек, ПМ, ПББ, ПБ, КПБ бөлген қабылдау орындарын ескере отырып, қабылдау емтихандарының нәтижелері, медициналық куәландыру мәліметтерін ескере отырып конкурстық негізде жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясының ашық жиналысында жүргізіледі.

9. Е м т и х а н с ы з :

- ерекше үлгідегі аттестат пен кеудеге тағатын белгі "Алтын белгі" иегерлері оқуға қабылданады.

10. Ұпайларының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда оқушылар қатарына қабылдауға басымдылық құқыққа ие:

- жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар;
- қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан немесе мүгедек болған ішкі істер органдары қызметкерлерінің балалары;
- ішкі істер органдары қызметкерлері, ішкі әскерлердің әскери қызметшілері;

- жалпы білім беретін орта мектепті үздік аттестат пен арнайы орта оқу орындарын үздік дипломмен бітіргендер;

- түсетін мамандығына сәйкес келген жағдайда, халықаралық олимпиадалардың, республикалық пән олимпиадалардың сол ағымдағы жылдың жеңімпаздары - I, II, III дәрежелі дипломмен марапатталғандар;

- негізгі пәннен өте жоғары ұпай жинағандар;

- а у ы л т ұ р ғ ы н д а р ы .

Осы ережелерге сәйкес оқуға қабылдануға жеңілдік құқығы бар талапкерлер тиісті құжаттарын тапсыруға міндетті.

11. Қабылдау емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

12. Дұрыс жауаптардың кодтары кешенді тест өткізілгеннен кейін ілінуі тиіс. Кешенді тест өткізілгеннен кейін бір тәулік ішінде талапкерлердің назарына тест нәтижелері беріледі.

13. Қабылдау емтихандарының апелляциясы тест нәтижелерін жариялағаннан кейін бір тәулік ішінде берілуі қажет. Алынған баға қабылдау комиссиясының дәлелді шешімімен ғана өзгертіледі.

14. Қабылдау ережелері, және де қабылдау комиссиясының оқуға қабылдауды ұйымдастыру және өткізу, емтихандардың кестесі, қабылдау мерзімі туралы мәліметтер талапкерлер назарына уақытында берілуі қажет.

15. Қабылдау комиссиясының оқуға қабылдау туралы шешімі жоғары оқу орны бастығының бұйрығымен ресімделеді. Қызметтен қол үзіп оқуға қабылданған адамдарды іссапарға жіберуге және сырттай оқуға түскен адамдарды демалыс, басқа да жеңілдіктер беруге бұйрықтың көшірмесі негіз болып табылады.

16. Конкурстан өтпеген талапкерлер ішкі істер органдарына, ішкі әскерлердің әскери бөлімдерінің қарамағына жіберіліп, қабылданбаған себебі көрсетілген жеке істері қайтарылады.

17. Оқу орындарында сабақтар жоғары оқу орындарының оқу жоспарында және оқу процесінің кестесінде белгіленген мерзімдерде басталады. Сабаққа себепсіз 10 күн қатыспаған тыңдаушылар оқудан шығарылады.

Оқудан шығарылғандардың орнына қабылдау комиссиясы сабақ басталған күннен бастап 1 айдың ішінде конкурстан өтпеген адамдарды қабылдай алады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і і с т е р м и н и с т р л і г і
К а д р ж ә н е т ә р б и е ж ұ м ы с ы
Д е п а р т а м е н т і н і ң

Оқу орындары басқармасы